


Еңбек қызметімен байланысы жоқ өлім-жітім саны



ҚМГ-да «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының персоналды сауықтыру бағдарламасының 2025-2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары қолданылады, ол өндірістік кәсіпорындарында медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға және шұғыл медициналық көмек көрсетуге, ҚМГ компаниялар тобында қызметкерлерді сауықтыру жөніндегі іс-шараларды енгізуге және іске асыруға бағытталған.

ҚМГ қызметкерлерін сауықтыру бағдарламасы бойынша іс-шаралар жоспарының негізгі бағыттары:

- кәсіптік аурулардың және қауіп факторларының алдын алу, қызметкерлердің денсаулық жағдайын мониторингтеу;
- кешенді сауықтыру іс-шаралары;
- еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар;
- санитарлық бағыттағы ағарту жұмыстары.

Корпоративтік стандарттардың талаптарын қамтамасыз етуді бақылау және мониторингтеу мақсатында кешенді тексерулер (аудиттер) жүргізу үшін ҚМГ корпоративтік орталығы мен ЕТҰ мамандарынан жұмыс тобы құрылды.

2025 жылы өндірістік нысандарда өлім қаупін жою үшін алғашқы медициналық көмек көрсету дағдылары бойынша ЕТҰ-ның 21 546 маманы оқытылды.

Шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламентке сәйкес ҚМГ компаниялар тобында өндірістік нысандарында, соның ішінде өндірістік аумақтарда орналасқан мердігер ұйымдардың қатысуымен Шұғыл медициналық әрекет ету жоспарына сәйкес 1, 2 және 3-деңгейлі 1 633 медициналық оқу дабылы өткізілді.

Аппараттық кешендерді енгізу жұмыстары жалғасуда: медициналық тексерудің автоматтандырылған жүйесі (МТАЖ) іске қосылды, 2025 жылы ҚМГ-ның ЕТҰ-да 69 бірлік МТАЖ енгізілді.

Созылмалы аурулардың қауіп факторларын ерте анықтау және пациенттерді бақылау процестерін жақсарту және жоспардан тыс госпитализация деңгейін төмендету мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ-да маңызды медициналық артықшылықтары бар киілетін құрылғыларды енгізу жобасы іске асырылуда. Әлеуметтік-экономикалық жағынан технология салауатты өмір салтына деген ынтаны арттырады, емдеу шығындарын азайтады, сондай-ақ осындай шешімдерді таратудың экономикалық тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-де Әлібекмола кен орнында интеллектуалды медициналық кешеннің пилоттық жобасы іске асырылуда, оған пупиллометриясы бар және оттегі коктейльдерін дайындауға арналған аппараттық МТАЖ жабдықтар кіреді. Жүйе сағат сайын автоматты түрде өлшемдер жасайды, өшірілген кезде сигнал береді, қашықтықтан бақылауды және HealthLink пен Trust Меплатформаларымен интеграцияны қамтамасыз етеді.

«АМӨЗ» ЖШС-де НАССР тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі жүйесін енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде жұмыс тобы құрылды және «АМӨЗ» ЖШС асханаларында ҚР СТ ISO 22000-2019 талаптарына сәйкес тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджменті жүйесін енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

Тауар жеткізушімен/қызмет көрсетушімен өзара іс-қимыл

ҚМГ компаниялар тобының сатып алу қызметінің негізгі қағидаттары – заңдар мен ішкі талаптарды сақтау, сатып алудың ашықтығы, адал бәсекелестікті дамыту және контрагенттер үшін тең мүмкіндіктер ұсыну. Сонымен қатар ҚМГ қолданыстағы

өндірістерді жаңғыртуға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу бағдарламасын іске асыру аясында отандық өндірушілерді қолдау үшін сатып алу қызметі саласында бірқатар бастамаларды жүзеге асырады.

ҚМГ компаниялар тобының сатып алу қызметі екі құжатпен реттеледі:

1

«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Заң квазимемлекеттік сектор компаниясының, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ тобына тиесілі компаниялардың жұмыс істеуін және жарғылық қызметін жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (ТЖҚ) сатып алудың базалық қағидаттары мен негізгі ережелерін реттейді.

2

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (учаске үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі, ол сатып алудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін, сатып алуды басқарудың жалпы тәртібін айқындайды сатып алу қызметін басқару саласындағы Қордың және сатып алу жөніндегі қор операторының құзыреті, сатып алу қызметі процестеріне қойылатын негізгі талаптар, сатып алудың қолданылатын тәсілдерін айқындау, бір көзден сатып алуды қолдану үшін негіз, сондай-ақ сатып алу санаттарын басқару, сатып алуды жоспарлау, жеткізушілерді басқару және таңдау, жеткізу шарттарын басқару бойынша сатып алу қызметінің процесін егжей-тегжейлі көрсетеді.

ҚМГ компаниялар тобының сатып алу рәсімдерінде озық халықаралық стандарттар мен технологиялардың негізінде ашықтық пен тиімділік деңгейін қамтамасыз ету және арттыру үшін барлық мүдделі тұлғаларға сатып алу туралы ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуді (бірінші кезекте мемлекеттік құпияға байланысты жекелеген ерекшеліктерді қоспағанда), сатып алудың барлық қатысушылары үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін «Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі» (ЭСАЖ) порталы қолданылады.

ЭСАЖ сатып алу циклінің барлық процедураларын автоматтандыруға және стандарттауға мүмкіндік береді (жоспарлау процесінен бастап келісімшартты басқаруға дейін), тапсырманы орындау уақытын қысқартуға және адам факторының әсер ету дәрежесін төмендетуге мүмкіндік береді. Электрондық сатып алу нарыққа қол жеткізуді қамтамасыз етеді және осылайша тиімділікті арттыруға, бәсекелестіктің өсуіне және әкімшілік жүктеме мен операциялық шығындардың төмендеуіне ықпал етеді.

ЭСАЖ-дан басқа, тапсырыс берушілер Қор басқармасы бекітетін тауарлар санаттарының тізбесі бойынша www.skstore.kz электрондық дүкенде белгілі бір өндірушілерден нақты маркалар мен үлгідегі тауарларды сатып ала алады (шекте сомасы 20 мың айлық есептік көрсеткішке дейін).

Сатып алу рәсімдері мен сатып алу келісімшарттарына қатысты сатып алу туралы ақпаратты, соның ішінде сауда-саттыққа қатысуға шақыру және шарт жасасу талаптары туралы ақпаратты көпшілікке таратудан басқа, ЭСАЖ іріктеу критерийлері мен Сауда-саттықты өткізу қағидаларын және оларды жариялауды қоса алғанда, бәсекелестік сатып алуға қатысу үшін талаптарды алдын ала белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте ЭСАЖ нормативтік құжаттарда белгіленген ережелер немесе рәсімдер сақталмаған жағдайда, сатып алу нәтижелеріне шағымдануды қоса алғанда, ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қамтамасыз етеді.

Сатып алудың жалпы көлемі

2025 жылғы жылдық сатып алу жоспарының жалпы көлемі ҚҚС-ты қоспағанда, 1 299 млрд теңгені құрады. ҚМГ сатып алу қызметінің маңызды аспектілерінің бірі – бір көзден сатып алу тәсілін азайту және бәсекелес сатып алу санын ұлғайту. Бәсекелес сатып алулар ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрау, электрондық дүкен және тауар биржасы жолдары бойынша жүргізіледі. 2025 жылдың

қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобы бойынша жылдық жоспардың бәсекелестік сатып алу сомасы 626 млрд теңгені немесе 48 % құрады, бұл ҚМГ-ның адал бәсекелестікті және тұрақты даму мақсаттарын қамтамасыз етуге ұмтылысын растайды. Бәсекелес емес сатып алу (бір көзден алу тәсілімен) бәсекелес тәсілмен сатып алу мүмкін болмаған ерекше жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

Бәсекелес сатып алулар, ҚҚС-ті қоспағанда млрд теңге¹

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Барлығы	
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %
2022	237	23	275	26	512	49
2023	302	25	320	26	622	51
2024	258	22	335	29	593	51
2025	285	22	341	26	626	48

Ұзақ мерзімді сатып алу келісімшарттарын қоса алғанда, жеткізілген тауар, жұмыс, қызметтің жалпы көлемі және жергілікті қамту үлесі²

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Барлығы	
	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %
2020	472	71	1 354	86	1 826	82
2021	273	57	943	85	1 216	78
2022	410	58	1 290	90	1 700	82
2023	1 142	76	1 932	90	3 074	85
2024	1 347	83	2 303	91	3 650	87
2025	1 318	70	2 277	90	3 595	83

Әлеуетті тауар жеткізушілерді/қызмет көрсетушілерді алдын ала біліктілік бойынша іріктеу

Қазақстандық және халықаралық практиканың талаптары мен стандарттарын ескере отырып, сатып алу қызметін жетілдіру – ҚМГ үшін басым міндеттердің бірі. Осы міндетті шешудің орынды құралы әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеуді жүргізу тетігін іске асыру болып саналады.

Алдын ала біліктілік бойынша іріктеу (АБИ)³ — сауалнама және аудит арқылы жүргізілетін, Сатып алуды жүзеге асыру тәртібі бойынша айқындалған біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан әлеуетті өнім берушілерді бағалау процесі.


АБИ-нің негізгі мақсаттары – білікті, тиісті түрде іріктелген жеткізушілерді анықтау, Қордың портфельдік компанияларының қажеттіліктері үшін тауар, жұмыс, қызметтерді сатып алу тиімділігін арттыру.

¹ Бәсекелес сатып алуларға ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрау, электронды дүкен және тауар биржасы арқылы сатып алу жатады.

² Ұзақ мерзімді сатып алу келісімшарттарын қоса алғанда, жеткізілген тауардың, жұмыс пен қызметтердің жалпы көлемі ерекше тәртіпті қолдану арқылы жүргізілген сатып алулар ескеріле отырып есептелген.

³ АБИ рәсімінен өткен әлеуетті өнім берушілер біліктілік органы комиссиясының шешімі бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу порталында ашық қолжетімділікте орналастырылған білікті әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енгізіледі.

АБИ процедурасы



ҚМГ Қордың барлық ПК (портфельдік компаниялары) арасында АБИ-ні дамытуға белсенді қатысады. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде «Самұрық-Қазына» АҚ комиссиясы бекіткен Қордың ПК-на арналған АБИ мәселелері бойынша 78 санаты ішінен 44 санат бойынша біліктілік критерийлерді ҚМГ әзірледі, бұл АБИ санаттарының жалпы санының 56 % құрайды.

«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС әзірлеген Қордың барлық ПК (оның ішінде ҚМГ-ның ЕТҰ) үшін үш санаты қосымша бекітілді.

Осылайша, бүгінгі күні Қордың АБИ жөніндегі комиссиясы АБИ рәсімінен өткен әлеуетті өнім берушілер арасында ашық тендер тәсілімен ҚМГ ЕТҰ сатып алуды жүргізу үшін тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің 47 санатын бекітті.

ҚМГ 2025 жылы қосымша әзірлеген АБИ жүргізуге арналған жұмыстардың жеті санаты бойынша біліктілік критерийлері АБИ жөніндегі қор комиссиясының келісу және бекіту процесінен өтіп жатыр.

Санат бойынша сатып алу

Сатып алу санаттарын басқару – басым санаттарға енгізілген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қызметіне және пайдалануға байланысты шығындарды азайтудың кешенді тәсілін әзірлеу процесі.

Санатқа бөлу сатып алу нысанасының және (немесе) әлеуетті өнім берушілердің бірыңғай нарығының жалпы белгілері бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу санатына біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Санаттар тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бір және бірнеше атауын қамтуы мүмкін. Басымдықтар ретінде шығындар деңгейі жоғары, маңызды, үнемдеу және басқару әлеуеті бар санаттар анықталады.

Санаттарды басқару санат бойынша сатып алу стратегиясын әзірлеу және бекіту арқылы егжей-тегжейлі талдау арқылы үнемдеу әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл стратегия ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді перспективада пайданы барынша көбейтуге негізделген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың оңтайлы тәсілін анықтайды. Санат бойынша сатып алу стратегияларында мақсаттар мен міндеттер, ішкі және сыртқы ортаны талдау, сатып алу санаттарын басқару тәсілдері, жеткізушілерді дамытуға қойылатын талаптар, пайданы есептеу және іске асыру жоспары болуға тиіс.

2018-2025 жылдардағы санат бойынша сатып алу көлемі мен пайдасы, млн теңге

Көрсеткіш	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Санат бойынша сатып алу көлемі	13 948,38	41 531,68	49 716,04	109 447,54	93 618,92	115 545,23	124 942,2	112 183,33
Сатып алуды санат бойынша басқарудың пайдасы	1 565,01	4 101,81	7 011,23	13 109,53	8 435,32	7 534,63	13 368,3	18 296,6

Импортты алмастыру

Мұнай-газ саласында мемлекет мүддесін қорғайтын компания ретінде ҚМГ «Квзимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы № 47-VII Заңының талаптарына сәйкес сатып алуларда импортты алмастыруды ынталандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізеді (офтейк-келісімшарттарды жасасу және орындау тәртібі. Жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесудің бағдарламасы, бұдан әрі — Бағдарлама). Бағдарламаның негізгі мақсаты – негізінен компания қызметін жүргізетін өңірлерде жаңа өндірістерге бастамашы болған жеке кәсіпкерлерді қолдау,

Санаттарды басқару стратегиялық жоспарлауды қолдану, сатып алынатын тауарлар мен қызметтерді егжей-тегжейлі талдау және меншіктің жалпы құнын есептеу арқылы, сондай-ақ бизнестің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерімен кросс-функционалды өзара іс-әрекет жасау арқылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу және пайдалану шығындарын едәуір төмендетеді. Жеткізудің бұл әдісі тиімді, өйткені ол сенімді өндірушілермен және жеткізушілермен жұмыс жасай отырып, сапаны, сондай-ақ анық бағаны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сатып алу санаттарын басқару мыналарды қамтиды:

- сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді санатқа бөлу және сатып алудың басым санаттарын айқындау;
- басым санаттар бойынша сатып алу категориялық стратегияларын әзірлеу (жаңарту) және бекіту;
- санат бойынша сатып алу стратегияларын іске асыру;
- санат бойынша сатып алу стратегияларын іске асыруды мониторингтеу;
- жеткізушілерді дамыту.

сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында сұранысқа ие өнімдерді шығару мақсатында технологиялық қайта жарақтандыру.

Офтейк-келісімшарттардың тетігі жобаны іске асыру нәтижесінде Қазақстан Республикасының аумағында өндірісі жолға қойылатын тауарларды сатып алу мен жеткізуді кейінге қалдыру шартымен импортты алмастыру жобаларының іске асырылуын көздейді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ ЕТҰ 2025 жылы жалпы сомасы 16 млрд теңгеге 124 офтейк-келісімшарт жасасты.

Офтейк келісімшартына сәйкес кесте

Жыл	Саны	Сомасы, млн теңге ¹
2019	10	270
2020	41	686
2021	49	388
2022	56	791
2023	64	1 687
2024	137	58 688
2025	124	16 031

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 16 қыркүйектегі №353 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2023 жылы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 6-тармағына сәйкес,

ҚМГ ұйымдары үшін 2025 жылға «тауарларды сатып алудағы офтейк-келісімшарттардың үлесін» 11 % жеткізуге арналған жаңа ҚБК әзірленіп, бекітілді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ-ның сатып алуларындағы офтейк-келісімшарттардың үлесі 18 % құрады.

2025 жылғы ірі жобалардың жергілікті қамту (ЖҚ) бойынша басты көрсеткіштері

Көрсеткіш	ТШО		СКЖ		Қарашығанақ	
	Жалпы сомасы,	ЖҚ үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %
Жергілікті ТҚЖ-ға төленген жалпы сома	2,543 млрд АҚШ долл.	70	864 млн АҚШ долл.	70	1,2 млрд АҚШ долл.	61
Жергілікті тауарларға жұмсалған шығын	453 млн АҚШ долл.	11	100,7 млн АҚШ долл.	17	302,6 млн АҚШ долл.	18
Жергілікті жұмыстарға жұмсалған шығын	845 млн АҚШ долл.	76	406 млн АҚШ долл.	81	388 млн АҚШ долл.	61
Жергілікті қызметтерге жұмсалған шығын	1,245 млрд АҚШ долл.	88	357 млн АҚШ долл.	73	467,7 млн АҚШ долл.	88

2025 жылы ҚМГ компаниялары тобы бойынша ТЖҚ сатып алудағы елішілік құндылық үлесі бойынша көрсеткіштер²

Ұйым атауы	Барлығы	ЕҚ үлесі, %	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер	
			Сомасы	ЕҚ үлесі, %	Сомасы	ЕҚ үлесі, %
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	2 253 млрд теңге	78 %	547 млрд теңге	46 %	1 706 млрд теңге	88 %

¹ Бұл сома тек ҚМГ-ның қатысу үлесі 50 % және одан көп болатын компанияларға ғана қатысты.

² Ұзақ мерзімді сатып алу келісімшарттарын қоса алғанда, жеткізілген тауардың, жұмыс пен қызметтердің жалпы көлемі ерекше тәртіпті қолдану арқылы жүргізілген сатып алулар есепке алынбай есептелген.